

FTAMP 16.21.27

<https://doi.org/10.26577/EJPh202520044>**З.Ж. Жорабек^{1*}**, **Ғ.Б. Шойбекова¹**, **Е.Т. Оспанов²**¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: zh.zubaira@gmail.com

КОММУНИКАЦИЯ КЕЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК КОДТЫ АУЫСТЫРУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Қазіргі кездегі балалардың қазақ, орыс және ағылшын тілі элементтерін араластыра сөйлеуі – еліміздегі тілдік жағдаяттың көрінісі. Бұл синхронды қазақ тілінің даму сипатын байқатады. Болашақта осы балалар қазақ тілінің иесі болатынын ескерсек, бұл мәселені бүгіннен бастап шешуді қажет етеді. Мәселені шешудің алғашқы әрекеті тілдік код ауыстырудың себептерін зерттеуден және оның салдарын болжаудан басталады. Балалардың тілдік кодты ауыстыруы Қазақстандағы тілдік жағдаяттың үштілді сипатын көрсетеді. Орыс тіліндегі контенттерді жиі көруі, ата-аналардың ағылшын тілін бала құлағына сіңіру мақсатында халықаралық тілдегі цифрлық контенттерді көрсетуге ұмтылатындығы, ағылшын тілін оқытатын пәндері бар балабақшаларға беруі тілдік кодты ауыстыруына себеп болады. Бұл себептің салдарынан балалардың тілдік код ауыстырып сөйлеуі, сол арқылы ойлауында аралас тілдік әсерден тежелу бар екені, психолингвистикалық ерекшеліктердің болатынына, аралас сипатты қазақ тілінің болашағына апарып соғады.

Мақалада зерттеу тақырыбына сәйкес 3-5 жастағы балалардың коммуникациялық мәтін түзуіндегі тілдік код ауыстыруы талданады. Код ауыстыру құбылысының әлеуметтік, психолингвистикалық негізін саралай отырып, бала тілінің дамуына әсер ететін ішкі (когнитивтік) және сыртқы (әлеуметтік, тілдік орта) факторлары сипатталады. Зерттеуде 3-5 жас аралығында балалары бар 15 анадан жартылай құрылымдалған сұқбат нәтижесі көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері код ауыстырудың ерте жастағы балалар үшін Қазақстанның қазіргі тілдік жағдаятында қалыпты тілдік даму кезеңі екенін көрсетеді. Себебі қазіргі тілдік жағдаят соған алып барады.

Түйін сөздер: код ауыстыру, тілдік орта, коммуникация, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика.

Z.Zh. Zhorabek^{1*}, G.B. Shoibekova¹, Y.T. Ospanov²¹Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: zh.zubaira@gmail.com

The Sociolinguistic Aspect of Children's Language Code-Switching in Communication

Today, the mixing of Kazakh, Russian, and English language elements in children's speech reflects the linguistic situation in the country and illustrates the developmental characteristics of contemporary Kazakh in a multilingual environment. Considering that today's children will become the future speakers of the Kazakh language, addressing this issue must begin now. The first step involves identifying the causes of language code-switching and predicting its potential consequences. Children's code-switching mirrors the trilingual nature of Kazakhstan's linguistic landscape. Frequent exposure to Russian-language media, parents' efforts to immerse children in English through digital content, various courses, and kindergartens offering English-language instruction contribute to active code-switching. As a result, children increasingly alternate between languages, which may lead to cognitive delays caused by mixed-language influence, the emergence of specific psycholinguistic features, and, in the long term, uncertainty regarding the future state of the Kazakh language within a mixed linguistic environment.

This article analyzes the language code-switching patterns of children aged 3–5 during the production of communicative texts. By examining the social and psycholinguistic foundations of code-switching, the study characterizes the internal (cognitive) and external (social and environmental) factors influencing children's language development. The article presents the results of semi-structured interviews with 15 mothers of children aged 3–5. The findings indicate that, within the current linguistic context

of Kazakhstan, code-switching at early developmental stages is a natural phenomenon shaped by the multilingual environment itself.

Keywords: code-switching, linguistic environment, communication, psycholinguistics, sociolinguistics.

З.Ж. Жорабек^{1*}, Г.Б. Шойбекова¹, Е.Т. Оспанов²

¹Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: zh.zubaira@gmail.com

Социолингвистический аспект языкового код-переключения детей в процессе коммуникации

В настоящее время смешение детьми элементов казахского, русского и английского языков в процессе общения является отражением современного языкового положения в стране. Это демонстрирует особенности развития синхронного казахского языка. Учитывая, что именно сегодняшние дети станут будущими носителями казахского языка, решение данной проблемы необходимо начинать уже сейчас. Первым шагом должно стать выявление причин языкового код-переключения и прогнозирование его последствий. Код-переключение детей отражает трехязычный характер языковой ситуации в Казахстане. Частое потребление русскоязычного контента, стремление родителей с раннего возраста погружать детей в английский язык через цифровые материалы, курсы и детские сады с англоязычными учебными компонентами приводит к активному код-переключению. В результате такого влияния у детей наблюдается смешение языковых элементов в речи, что может вызывать определённые задержки в мыслительных процессах, формировать психолингвистические особенности и, в долгосрочной перспективе, ставить под вопрос будущий облик казахского языка в условиях смешанной языковой среды.

В статье анализируется языковое код-переключение детей 3-5 лет при порождении ими коммуникативного текста. На основе рассмотрения социальных и психолингвистических оснований код-переключения даётся характеристика внутренних (когнитивных) и внешних (социальных, языковых) факторов, влияющих на развитие детской речи. В работе представлены результаты полуструктурированного интервью с 15 матерями, имеющими детей в возрасте 3-5 лет. Полученные данные показывают, что код-переключение на ранних этапах речевого развития является естественным явлением в условиях современной языковой ситуации Казахстана, поскольку само языковое окружение формирует такую тенденцию.

Ключевые слова: код-переключение, языковая среда, коммуникация, психолингвистика, социолингвистика.

Кіріспе

3-5 жастағы балалар өзгелермен тілдік коммуникацияға түскен кезде Қазақстандағы мектеп жасына дейінгі балалардың басым көпшілігі орыс, ағылшын тілдерінің элементтерін араластыра сөйлейді. Бұлай болуының бірнеше себептері бар: үйде балаларға тілдік дағды қалыптастырушы ата-аналары өзге тіл элементтерін араластырып сөйлейді; балабақшада тәрбиешілері өзге тіл элементтерін араластырып сөйлейді; аулада, бақшада бірге ойнайтын балалар да өзге тіл элементтерін қосып сөйлейді; балалар қазақ тіліндегі контенттермен қоса, орыс, ағылшын тіліндегі цифрлық контенттерді көп көреді; Сондықтан олар көріп, естігенін өзгелермен коммуникацияға түсу барысында, ойын жеткізу кезінде пайдаланады. Осыдан келіп, 3-5 жас арасындағы балаларда ойды жеткізудің, коммуникативтік стратегияны жүзеге асыру үшін аралас тілдік бірліктерді қолдану тактикасы келіп

туындайды. Бұл жастағы екітілді балалардың сөйлеуіндегі тілдерді араластыру құбылысы, атап айтқанда, кодты ауыстыру олардың тілдік, когнитивті және әлеуметтік дамуына көптеген әсері болады (Huang, 2025).

Балалардың бірнеше тілді араластырып сөйлеуі Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаяттың сипатынан хабар береді. Сонымен қатар балалардың коммуникация кезінде тілдік кодты ауыстыра берулеріне жоғарыда келтірілген факторлар әсер етеді. Тілдік кодты ауыстырудың аталған факторлары социолингвистикалық аспект тұрғысынан талданып, шешімін шығару, соған сәйкес ұсыныстардың берілуі, оларды жүзеге асыру жолдарын қарастыру бүгінгі күнде тілдік, әлеуметтік, қоғамдық мәселелерге жатады және өзекті деп танылады.

Балалардың балабақшада өзге балалармен сөйлесіп, ойнап, қарым-қатынасы түсуі олардың коммуникативтік дағдыларын дамытады. Үй іші ғана түсінетін баланың кейбір сөздері тәрбиеші-

лер мен өзге балалар үшін түсініксіз болуы да ықтимал (Белоусова, 2009). Әртүрлі жағдайға байланысты үш жасар балалардың жасына тән қарым-қатынас қабілетін дамытатын әрекеттер бар (Карпов, 1997). Осы тұрғыда, қостілді балалардың сөйлеуіндегі кодты ауыстыру, тіпті морфологиялық және аудармалық баламалар түрінде көрініс табатын интерлингвалды қайталаулар олардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырудағы маңызды тактика ретінде қарастырылады (Chirsheva & Houston, 2020). Бұл құбылыс, әсіресе, үш жасқа дейін екі тілді бірдей меңгерген балаларда жоғары лингвистикалық құзыреттіліктің көрсеткіші бола алады (Christoffersen, 2014), бірақ екінші тілді кейінірек үйренген балалар үшін оның коммуникативтік мәні әлі толық зерттелмеген.

Баланың сөйлеу дағдыларын тиімді ынталандыру және дұрыс назар аудару үшін сөйлеуді дамыту стандарттары туралы хабардар болу аз, бұл үшін тиімді әдістерді қолдану қабілеті де қажет (Керделлан, 2006). Үш жастағы балалардың көпшілігінде 1500 сөзден аса сөздік қоры болады. Ата-аналар балаларының сөздік қоры өсе бастағанын, жаңа сөздерді қолданғанын көріп қуанады, кейде бұрмаланғанын естіп түзеуге тырысады. Қазіргі балалардың сөйлеуінде орыс және (немесе) ағылшын тілі сөздері мен құрылымдарды қолдануын қалыпты жағдай секілді қабылдап жүрміз. Себебі үлкендердің өздері де сөйлеу кезінде қолданғандықтан, өрескел екендігі байқалмайды. Бала күні бойы көрген-білгендерін айтқысы келеді, алайда сөз қолданысы бақылаудан шығып кетеді (Головей, 2010). Сондықтан дер кезінде баланың сөйлеуінде кездесетін қателіктерді анықтап, түзету маңызды.

Үш жастағы бала жаңа кейде бірнеше буынан тұратын сөздерді бұрмалап, буындардың орнын ауыстырып қолдануы да мүмкін. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы сөз тіркестерінен, сөйлемдері 3-4 сөзден тұрады. 4 жасқа жақын бала күрделі және құрмалас сөйлемдерді қолдана бастайды. Балалар ересектердің сөзді қалай айтатынын мұқият тыңдайды, естігендерінің бәрін бойына толықтай сіңіреді. Балаларға зат есімдер мен сын есімдерді үйлестіру және зат есімдердің көпше түрін қалыптастыру қиынға соғады. Артикуляциялық аппараттың физикалық дамуы бір орында тұрмайды және 3 жасқа дейін тіл мен ерін сөздерді дұрыс айтады, бірақ кей дыбыстарды анық айта алмайды (мысалы, сүт орнына сіт немесе шүт, шырша орнына шылша немесе сылса және т.б.). Көп дыбыстан

тұратын сөздерді оңай айта бастайды. Өз тәжірибемізден байқағанымыз, 3-4 жаста бірнеше буынды сөздерде буындарды ауыстырып, метатезамен айтуы ықтимал (тазалық-талазық, асқазан-ақсазан және т.б.). Сөйлеудің интонациясы мен эмоционалды экспрессивтілігі ай сайын артады. Бұл көрсеткішке тілдік ортаның (мәселен, ата-анасының) сөйлеу сапасы мен жылдамдығы қатты әсер етеді.

4-5 жастағы баланың сөздік қоры 2000-нан асады. Өзінің, ата-анасының, ата-әжесінің аты мен тегін біледі және нақты айтады. Әңгімесі қарапайым, жай сөйлемдерден тұрады. 4 жаста сөйлем құрылымы күрделене түседі. Заттар тобын жинақтап, бір сөзбен атайды (жиһаз, киім және т.б.). Қысқа әңгімелер, ертегілер, өлеңдер мен тақпақтарды қайталайды. Баланың сөйлеуі белсенді болып, арасында сөздік қорында сапалық және сандық ауысулар байқалады. Бала тілінің дұрыс шығуының бірінші шарты балаға сөзді бұзып сөйлемейу керек. Сондай-ақ бала жасына сай келмейтін сөздерді автоматты түрде айта алғанмен, түсініп қолдана алмайды. Екінші, баланы өзі теңді балалармен бірге ойнату керек. Баланы ешбір уақыт сөзден тыймау керек. Былдырласын, шолжыңдасын – сөйлей берсін (Жұмабаев, 1923). Бұрын балалардың сөйлеуі қазіргі балаларға қарағанда тезірек дамыған. Мұның басты себебі – ата-анасымен, құрдастарымен жиі қатынаста болуы. Қазір балалар аулада өз қатарластарымен аз уақыт өткізеді. Көбіне уақытты мультфильмдер мен интернеттегі контенттерді көрумен өткізеді (Юртаев, 2008). Ғаламторда көптеген пайдалы ақпарат пен материалдар бар екені даусыз. Бірақ ақпараттың көпшілігі ойлау мен қиялды дамытпайды. Ол суретке қарап, біреудің сөзін тыңдап, түсінеді, бірақ оған жауап беру қажеттілігі туындамайды. Қазіргі уақытта 4 жастағы балалардың шамамен 25%-да сөйлеу дағдысының дамуының бұзылуы (СТЖД – сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, ПДТ – психикалық дамудың тежелуі) кездеседі.

Бірқатар мұғалімдер мен психологтар компьютер мен баланың сөйлеу дағдысының дамуының өзара байланысынан қарастырады. Мультфильм кейіпкерлеріне немесе компьютерлік бейнеойынға тәуелді баланың сөйлеу функцияларының не себепті төмендегені туралы талқылайды. Бұл дыбыстар балаға тікелей қатысы болмағандықтан, бала тек есту және артикуляция арқылы ғана емес, тіпті өзінің әрекеттерімен де диалогке түспегендіктен сөйлеу функциясы төмендейді деген қорытындыға келген. Баланың

ойында бейнелер тудырмайды, іс-әрекетке итермелемейді, бала пассив тыңдаушы болып қала береді дейді (Анисимов, 2014). Екінші тұсы, экранда ұзақ уақыт өткізу балалардың басқалармен қарым-қатынас жасау және қарым-қатынас дағдыларын дамыту мүмкіндігін тежейді. Ата-аналармен сөйлесудің және ойнаудың орнына, балалар экранда уақыт өткізуді жөн көреді. Бұл сөйлеу мен қарым-қатынас дағдыларын дамытудың кешеуілдеуіне әкелуі мүмкін. Көп уақытын телефон мен планшетті қолданып өткізетін мектеп жасына дейінгі баланың даму деңгейі төмен, күнделікті сөздік қоры өте аз болады. 2-5 жас аралығындағы балалардың экран алдында өткізетін уақытының көп болуы тіл, жад және әлеуметтік дағдылардың дамуына теріс әсер ететінін анықтады. Экран уақытының шектен тыс болуы дамудың баяулауына әкелетінін көрсетті (Азимова, 2020). Ғалымдар жүргізген зерттеу нәтижесінде компьютерде көп уақыт өткізетін балалар сауатты жаза және сөйлесе алмайтындығы дәлелденді. Қазіргі заманғы технологиялар мектеп оқушыларын – дисграфия (сауатты жаза алмау) мен дислексияға (сауатты оқи алмау) әкеледі (McArthur, 2022).

3 жастан 5 жасқа дейін бала психикасы қарқынды дамиды. Бала бәріне қызығушылық танытады, қиялдайды және өзінің мінез-құлқын басқаруды үйренеді. Ол тәуелсіз әрекетке ұмтыла бастайды. Өз іс-әрекетін жоспарлауды және басқа адамдардың сезімдерін түсінуді үйренеді. Осы жастағы балалар үшін тілдік орта маңызды. 3-4 жаста баланың 65% уақыты анасымен бірге өтеді екен. Сондықтан баланың тілдік қабілетін қалыптастыруда, сөздік қорын молайтуда, тілдік дағдыларын күнделікті өмірде қолдана білуіне бағыт беруде ананың атқарар рөлі зор (Азимова, 2021).

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында 3-5 жас аралығындағы балалардың тілінде кездесетін бірнеше тіл элементтерін (атап айтқанда: ана тілі – қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі элементтерін), араластыра сөйлеуі негізінде алынған тілдік материалдар талданады. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалары бар 15 ата-анадан алынған сұқбат материалдары мен нәтижелері эмпирикалық тұрғыдан сандық, сапалық талдауға негіз болады.

Балалар тілінен материалдар ауызша сөйлеу кезінде, аулада ойнап жүргенде коммуникацияға түскен кезінде жинақталды. Материалдар жүйе-

ленді, қандай тілдік бірлікті көбірек қолданып-тындары іріктелді.

Балалардың ата-аналарымен жүргізілген сұқбат жүргізуге бағытталған материалдар Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіндегі Ғылыми этика комитетіне ұсынылып, қатысушылардың келісім беруіне қатысты ақпараттық келісім, сұрақтар талқылаудан өткізілді. Ғылыми этикалық комитеттің 2025 жылдың 26 маусымындағы №11 хаттама шешімі бойынша этика талаптарына сай болуына байланысты зерттеу жасау үшін рұқсат берілді. Сондықтан ата-аналармен сұқбат ғылыми этика талаптарына сай жүргізілді. Зерттеуге 3-5 жастағы балалары бар аналар қатысты. 3-5 жастағы балалардың тілдік кодты ауыстыру себептері сұқбаттасу әдісі арқылы анықталды. Балабақшаға баратын балалардың аналарымен жартылай құрылымдалған сұқбат жүргізілді. Сұқбат баланың тілдің дамуы кезеңіндегі тілдік ортасы мен код ауыстыру туралы пікірін білу үшін жасалды. Сұқбат Zoom платформасы арқылы онлайн алынды. Сұқбат нәтижесі бойынша тақырыптық (тематикалық) талдау жасалынды. Әр қатысушының жауабы жеке қарастырылып, кейін ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары Венн диаграммасы негізінде жіктеліп, анықталды. Талдау барысында код ауыстыру құбылысының пайда болу себебі, оның жиілігі және баланың сөйлеу тіліндегі көрінісі ата-аналардың пікірлері негізінде жүйеленді. Қазақтілді орта, аралас немесе көптілді ортада тәрбиеленіп жатқан балалардың тілдік дамуындағы айырмашылықтарға ерекше назар аударылды. Қолданылған материалдар мен әдістер зерттеу мақсатына сай таңдалып, 3-5 жас аралығындағы балалардың қазақ тілін меңгеруіндегі код ауыстыру құбылысының әлеуметтік және тілдік себептерін кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттерге шолу

Балалардың бірнеше тіл элементтерін қатар қолдануы жаһандану мен ақпараттық технологияның кеңінен таралуына байланысты күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналды. Ерте жастан бастап баланың бірнеше тіл элементтерін араластырып қолдануы жиі кездеседі. Себебі бұл кезең – сөйлеу мен когнитивтік дамудың шешуші кезеңі боп табылады. Бұл құбылыс код ауыстыру деп аталады. Код ауыстыру – бір сөйлем не диалог ішінде бір тілден екінші тілге ауыстырып сөйлеу құбылысы (Gumperz, 1982). Ол көптілді

балаларда, әсіресе, тілдік жүйесі қалыптасып үлгермеген балаларда жиі кездеседі. Көп зерттеушілер код ауыстыруды баланың тіл үйренуге икемділігі ретінде бағалайды (Grosjean, 2010). Тілге икемділік – бұл қарым-қатынас танымдағы жүйелік ережелерді игеру қабілеті. Бастапқыда бала бұл ережелерді саналы түрде түсінбесе де, оларды қолдана алатындай әрекет етеді. Тілдік қабілеттілік өзіне білім мен дағдыларды, іс-әрекет схемаларын және олардың сәйкестігін қамтиды. Себебі тілдің қалыптасуы белгілі бір когнитивтік негізге сүйенеді (Заирова, 2019). Баланың код ауыстыруы – тілдік орта мен баланың сөйлеу қабілетін меңгеруіне байланысты оң не теріс әсер етуі мүмкін. Барлық балаға бірдей тиімді бола бермейді. Кейбір зерттеулер код ауыстыру мен тіл меңгерудегі жетістіктің өзара байланысы жоқ десе (Place, 2011), басқалары теріс әсерін айтады (Byers-Heinlein, 2013). Ал соңғы жылдарда жүргізілген зерттеулер код ауыстырудың оң әсерін көрсеткен (Bail, 2015). Бала сөйлеу барысында өзге тілдегі сөздерді араластыра қолдануды – сөздік қорындағы жетіспеушілікті толықтыру механизмі ретінде қабылдайды. 3-5 жас аралығында баланың тілдік жүйесі толық қалыптаспағандықтан, сөйлеу барысында тілдерді араластырып қолданады. Бұл баланың сөздік қорында қажетті лексикалық бірлік болмауына не сол сәтте қай тілде сөйлеу ыңғайлырақ екенін білмеуіне байланысты. 3-5 жастағы балада сөйлем ішінде код ауыстыру жиі байқалады. Мысалы; «Мен мороженое жеймін. Далаға хочу играть, т.б.». Мұндай құбылыстарды зерттеу балалардың екі тілдік дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі құзыреттілік тепе-теңдігін көрсете алады (Chirsheva & Houston, 2020), сондай-ақ бұл балалардың тілдік жүйесінің қалыптасу барысындағы маңызды сатыларын айқындайды. Екі тілді балалардың сөйлеуіндегі кодты ауыстыру, тіпті өте жас балаларда да байқалатын феномен ретінде, олардың лингвистикалық қабілетсіздігінің белгісі емес, керісінше, олардың екі тілді меңгерудегі жоғары икемділігі мен стратегиялық коммуникативтік дағдыларының көрінісі болып табылады (Gaskins et al., 2021; Huang, 2025).

Код ауыстыру – баланың тілді меңгеру барысында қалыпты үдеріс ретінде қарастырылады. Ана тіліне жеткілікті көңіл бөлінбеген жағдайда, баланың ана тілін меңгеруі баяу жүреді. Сондықтан ата-аналар мен тәрбиешілер ана тіліне бай тілдік орта қалыптастыруы қажет. Тілдік орта – баланың сөйлеу дағдыларын қалыптасты-

руда негізгі фактордың бірі. Ғалым Н.Уәли тілдік орта жайлы: «Тілдік орта – лингвоэкологиялық зерттеулердің түпқазығы болып саналатын қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жай-күйі мен сол тілді қолданудың қоғамдық-тілдік тәжірибесі, тілдің қоғамдағы болмысына, оның дамуы мен қызмет етуіне әсер ететін экономикалық, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық факторлардың жиынтығы. Тіл – адамның тіршілік ортасы, белгілі бір қоғамдастықтың, ұлттық ұжымның рухани тіршілік ортасы. Адамдардың да рухани дамуы ана тілі деп аталатын тілдік ортаның сау-саламаттығына тікелей тәуелді» деп тұжырымдайды (Уәли, 2021). Бала дүниеге келген сәттен бастап айналасындағы тілдік ақпараттарды қабылдай бастайды. Баланың сөйлеу қабілеті табиғи даму барысымен қатар, тілдік ортамен тығыз байланысты. Тілдік орта – баланың тілмен қарым-қатынасқа түсетін кеңестігі, бала үнемі естіп, қолданатын тілдік бірліктер жиынтығы. Осы ортасы қаншалықты бай әрі құрылымды болса, бала дамуының сапасы сол көлемде болады. Ал ата-ана баланың код ауыстыруын «қате» деп жиі түзетіп отырса, балада еркін сөйлеуге сенімсіздік пайда болуы мүмкін. Дұрыс сөйлеуді меңгермеген жағдайда екі тілді де толық үйренбей қалу қаупі болады.

Нәтижелер мен талқылау

Қоғамдық ортада, тұрмыстық қарым-қатынаста және медиалық кеңістікте қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қатар қолданылуының қарқын алуы табиғи үштілді ортаның қалыптасуына алып келді. Көптілділік – қоғамдағы тарихи, әлеуметтік, экономикалық және мәдени трансформациялардың ықпалынан пайда болған әлеуметтік-лингвистикалық құбылыс. Бұл құбылыс белгілі бір бағдарламалар мен нормативтік талаптармен шектелмейтін, халықтың күнделікті өміріндегі нақты қарым-қатынас тәжірибелерінен туындаған табиғи үрдіс болып табылады. Әр тілдің қоғамдағы әлеуметтік рөлі мен қызмет саласының әртүрлі болуы тілдік ортаны күрделендіріп, әсіресе, мектепке дейінгі балалардың тілдік әлеуметтенуіне айтарлықтай әсер етіп отыр. Мектепке дейінгі кезең – тілдік әлеуметтенудің ең қарқынды жүретін, баланың когнитивтік және психоәлеуметтік дамуының негізі қаланатын ерекше кезең. Бұл жаста бала тілдік сигналдарды табиғи жолмен, еліктеу және

қабылдау механизмі арқылы бойына сіңіреді. Қазақ қоғамындағы үштілді ортада өсіп келе жатқан бала бір уақытта бірнеше тілдік жүйеге, әртүрлі сөйлеу үлгілеріне және мәдени мағыналарға тап болады. Үй, балабақша, қоғамдық орындар, бұқаралық ақпарат құралдары және цифрлық орта – осының бәрі баланың тілдік әлеуметтенуінің негізгі арналарын құрайды. Қазіргі мектепке дейінгі жастағы балалар тілдік инпуттың көптігімен және тілдердің жағдаяттық бөлінісімен ерекшеленетін күрделі коммуникациялық ортада дамиды. Қазақ қоғамындағы көптілді орта мектепке дейінгі балалардың тілдік әлеуметтенуін байытумен қатар, бұл үдерістің белгілі бір қиындықтары мен шектеулерін де айқын көрсетеді. Көптілді кеңістікте тілдердің қолданылу жиілігі мен қызметтік салалары бірдей болмайтындықтан, баланың тілдік инпутты тең дәрежеде қабылдамау ықтималдығы жоғары. Бұл жағдай кей тілдердің пассивті деңгейде қалып, баланың сөздік қорының бір тілде жетілмей қалуына немесе грамматикалық жүйелердің толық қалыптаспаған күйінде тоқтап қалуына әсер етуі мүмкін. Мектепке дейінгі кезеңнің тілдік сезімталдығы жоғары болғанымен, тілдік сигналдардың ретсіз және теңгерімсіз берілуі баланың тілдік дамуын баяулатуы ықтимал. Мұндай тілдік теңсіздік көптілді ортаның табиғи күрделілігін көрсетеді және баланың белгілі бір тілде өз ойын толық жеткізуін тежейтін факторға айналуы мүмкін. Көптілді ортадағы тағы бір күрделі құбылыс – тілдердің әлеуметтік-психологиялық мәртебелерінің әртүрлі қабылдануы. Тілдердің қоғамдық беделі бірдей деңгейде бағаланбаған жағдайда, бала санасында тілдердің символдық мағынасы да бұрмаланып қалыптасуы мүмкін. Егер бір тіл қоғамдық құндылық ретінде жоғары бағаланып, екіншісі тек тұрмыстық деңгеймен шектелсе, балада тілдік сәйкестікке қатысты ішкі қайшылық пайда болады. Мұндай әлеуметтік сигналдар бала санасында әр тілдің құндылығын шатастыруы мүмкін, нәтижесінде ол кей тілде сөйлеуден тартыну, өз ана тілін қолданғанда өзін жайсыз сезінуі мүмкін. Көптілді ортада тілдердің аралас қолданылуы да мектепке дейінгі кезеңде белгілі бір қиындықтар тудырады. Әртүрлі тілдердің жүйелері әлі тұрақталмаған, неге, қашан, қай тілде сөйлеген тиімді екенін түсінбеген балада тілдік шекараның анықталмауы жиі байқалады. Бұл тілдік араласулар көп жағдайда қалыпты сияқты көрінгенмен, кейде тілдік нормалардың тұрақты қалыптасуын тежеп, грамматикалық

құрылымдардың шатасуына әкелуі мүмкін. Тілдік жүйелердің бір-біріне ықпал етуі балада белгілі бір тілдегі синтаксистік құрылымды дұрыс меңгерудің баяулауына, сөйлеу кезінде кідірістердің көбеюіне немесе ойды жеткізуде нақты тілдік құрал таңдаудың қиындығына алып келуі мүмкін. Бұл үдеріс баланың тілдік дамуының бұзылуы емес, көптілді ортаның когнитивтік жүктемесінің күрделілігінен туындайтын табиғи құбылыс болып саналса да, баланың жалпы сөйлеу динамикасына әсер ететіні анық. Бала тұлғасының қалыптасуында тілдік сәйкестік ерекше рөл атқарады, ал көптілді ортада бұл сәйкестік күрделене түседі. 3-5 жас аралығындағы бала өзін нақты қандай тілдік қауымға жатқызатынын саналы түрде анықтай алмайды, алайда әр тілге қатысты әлеуметтік және эмоциялық сигналдарды үнемі қабылдайды. Егер үй, қоғам және медиа кеңістігі әртүрлі тілдерге әрқалай мән берсе, балада тілдік және мәдени сәйкестік тұрақсыз қалыптасуы мүмкін. Бұл өз кезегінде тілге деген эмоциялық байланыстың әлсіреуіне, тілдік тиесілік сезімінің бұлыңғырлауына және өзін белгілі бір мәдени кеңістікке толықтау жатқыза алмау сияқты ішкі күмәннің туындауына әкелуі ықтимал. Көптілді ортада баланың әлеуметтік жағдаяттарға бейімделуі де күрделі сипат алады. Бала әр контекстке байланысты тілдік мінез-құлқын өзгертуге әрекеттенеді, бұл кейде қарым-қатынасқа кіруде артық сақтық немесе сөйлеуге қатысты алаңдаушылық туғызуы мүмкін. Бір тілде сөйлегені дұрыс па, әлде басқа тілге ауысуы қажет пе деген түсінбеушілік баланың еркін сөйлесуіне әсер етеді. Мұндай жағдаяттар сөйлеу белсенділігінің төмендеуіне, коммуникациядан қашуына немесе қателесуге қорқыныштың күшеюіне әкелуі мүмкін.

Отбасындағы тілдік стратегияның анық болмауы да – көптілді ортадағы әлеуметтену процесін күрделендіретін факторлардың бірі. Егер ата-аналар бірізді тілдік модель ұсынбаса немесе тілдердің қолданылу ауыспалылығы тым жоғары болса, бала әр тілдің нақты қызметін ажыратуда қиындық көреді. Тілдік инпуттың ретсіз берілуі сөйлеу мәдениетінің біртұтас қалыптасуын тежейді және тілдік жүйелердің орнығуына қажетті тұрақтылықты әлсіретеді. Бұл баланың тілдік тәртіпке үйренуін баяулатып, тілдің ішкі заңдылықтарын табиғи жолмен игеруіне кедергі келтіруі мүмкін. Көптілділіктің когнитивтік жүктемесі де назар аударарлық. Бала үнемі бірнеше тілдегі ақпаратты өңдеп, салыстырып, ажыратып отыруға тырысады. Бұл кей балалар

үшін танымдық шаршауды күшейтіп, сөйлеу әрекетінің қарқынын бәсеңдетуі мүмкін. Тілдік сигналдардың көптігі ақпаратты қабылдау мен өңдеу жылдамдығын төмендетіп, кейде сөйлеу қарқынының баяулауына немесе ойды жеткізудегі ұзақ кідірістерге алып келеді. Мұндай жүктеме уақытша құбылыс болғанымен, тілдік әлеуметтенудің ерте кезеңінде байқалатын маңызды факторлардың бірі.

Қазақ қоғамындағы көптілді орта баланың сөйлеу қабілеттерін, дүниетанымын және әлеуметтік бейімделуін кеңейте отырып, сонымен бірге тілдік дамудың бірқатар қиындықтарын да туындатуы мүмкін. Тілдердің мәртебелік айырмашылығы, инпуттың теңгерімсіздігі, сәйкестіктің күрделенуі, когнитивтік жүктеменің артуы және тілдік тәртіптің тұрақсыздығы – мектепке дейінгі кезеңдегі тілдік әлеуметтенудің әлсіз тұстарын көрсетеді. Сондықтан көптілді ортаның тиімді болуы үшін отбасылық және қоғамдық деңгейде тілдік тепе-теңдікті сақтау, тілдердің бір-біріне қарсы қойылуын болдырмау және балаға тұрақты, түсінікті, үйлесімді тілдік модель ұсыну аса маңызды. Осындай жағдайларда ғана көптілді орта баланың дамуында шектеуші емес, қолдаушы ресурсқа айналады.

Баланың ең алғашқы тілдік ортасы – отбасы. Отбасы мүшелері мен ата-ананың баламен қарым-қатынаста қолданатын тілі – баланың тілдік қорын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Ата-ана баланың жиі әрі сапалы сөйлеуіне ықпал етуі – баланың ерте жасында тілінің дамуына оң әсер етеді (Snow, 1995). Ата-ананың, ата-әже мен туыстардың сөйлеу стилі, сөздік қоры мен тіл мәдениеті балаға үлгі болады. Ерте жастағы бала еліктеу арқылы үйренетіндіктен, отбасы мүшелерінің сөйлесу тілі маңызды. Олардың қарым-қатынас жиілігі мен уақытты сапалы өткізуі – бала тілінің дұрыс дамуының іргетасы. Отбасы мүшелерімен жиі сөйлесетін, ертегі тыңдайтын, сұқбаттасатын баланың сөздік қоры кеңірек әрі сөйлеу дағдылары жоғары болады. Кейбір отбасылар бірнеше тілді қатар қолданады. Мысалы, әкесі қазақ тілінде, анасы орыс не ағылшын тілінде сөйлесе, балада екі не одан көп тілді меңгеруге мүмкіндік болады. Балада тілдердің араласуы (код ауыстыру) байқалады. Бұл табиғи құбылыс болғанымен, бала тілі дұрыс әрі сапалы болу үшін отбасылық келісім мен бірізділік болу қажет. Өйткені ата-ананың тілге деген көзқарасы да баланың тілге деген қарым-қатынасына әсер етеді. Егер әке-шешесі ана тілін жоғары бағаласа, күнделікті өмірде

белсенді қолданса, балада да ана тіліне оң көзқарас, құрмет қалыптасады. Сондықтан ата-аналарға тілдік орта құруда саналы және мақсатты түрде әрекет ету ұсынылады. Көптілді қоғам жағдайында ана тілін сақтау мен дамыту отбасынан басталуы тиіс. Бұл ретте, балалардың екі тілді меңгерудегі кодты ауыстыруы тілдік жетіспеушіліктің емес, керісінше, олардың лингвистикалық құзыреттілігінің жоғары деңгейін көрсететін стратегиялық құрал ретінде қарастырылуы қажет (Christoffersen, 2014). Бұл балалардың адресатқа қарай тіл таңдау қабілетін, яғни белгілі бір метатілдік сана мен перспективаны қабылдау деңгейін көрсетеді (Sczепurek et al., 2022). Атап айтқанда, балалардың ана тілін, яғни негізгі тілін үйрену барысында код ауыстырудың жиілігі мен түрін тілдік дамуындағы ауытқушылықтың индикаторы ретінде қабылдамау керек (Karantzoglou et al., 2021).

Аталған мәселелерді айқындау үшін 3-5 жастағы балалардың ата-аналарына арнайы сұрақтар мен ақпараттық келісім сұрақтары мен келісім парағы дайындалды. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Ғылыми этика комитетіне ұсынылып, комитеттің оң шешімін алған соң, ата-аналармен жұмыс жүргізілді. Бірінші ата-аналардан ақпараттық келісім алынды. Ақпарат келісімі мынадай сипатта жүргізілді. Ақпараттық хатта ата-анаға бұл зерттеудің жүргізілу негіздемесі (Зерттеу мақаласы аясында жүргізілетін сұқбатқа жауап беруіңізді сұраймыз. Төмендегі ақпараттармен толық танысып, қажет болған жағдайда өзгерістермен бөлісіп, кеңесуіңізге болады. Түсініксіз болса, сұрағыңызға жауап беріп, толық ақпарат беруге дайынбыз. Осы сұқбатқа уақытыңызды бөліп, зерттеу жұмысына қатыссаңыз, алғысымызды білдіреміз. Осы ақпаратпен танысқаныңыз үшін рақмет!) беріледі. Сонымен қатар зерттеуді кім жүргізетіндігі (Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Филология институты, «8D02301 – Филология» БББ 2 курс докторанты Жорабек Зубайра мен филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Шойбекова Ғазиза); зерттеу мақсаты (диссертация міндеттерінің біріне сәйкес, 3-5 жас аралығындағы балалардың өзге тіл элементтерін араластыра қолдану себептерін анықтау); неге өзі секілді респонденттердің таңдалғаны (Сізді таңдап алуымыздың себебі – 3-5 жас балаларыңызды болуы, олардың тілдік тұлғасын қалыптастырудағы сіздің әрекеттеріңізді білу); құпиялылықтың қалай сақталатындығы (Осы

зерттеуге байланысты алынған барлық ақпарат құпия болып қалады және тек сіздің рұқсатыңызбен немесе заң талаптары бойынша ашылады. Анонимділігін қамтамасыз ету үшін есімдеріңіз пайдаланылмайды. Жеке сәйкестендіру ақпараты бар ақпарат қалған деректерден бөлек сақталады. Жазбаларды қарауға және өңдеуге құқығыңыз бар. Зерттеуге енгізуімді қаламайтын сөйлемдер немесе жауаптар барлық тиісті құжаттардан жойылады. Фото, бейне немесе аудио жазба тек білім беру мақсатында пайдаланылады, сіздің жеке басыңыз қорғалады немесе көрсетілмейді); зерттеу нәтижелері жарияланатындығы (Зерттеу нә-

тижелері жарияланады); зерттеу туралы кімдерге, қалай хабарласуына болатындығы туралы (Осы зерттеуге қатысты сұрақтарыңыз болса, алдымен, зерттеушіге хабарласыңыз. Зерттеудің жүргізілуіне ресми шағым жасағыңыз келсе, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Ғылыми басқару және даму департаментіне хабарласуға болады. Әйтеке би 99, Алматы. Электрондық пошта: nauka@qyzpu.edu.kz.) ақпараттар беріледі). Осылайша ақпараттық келісімге қол қойылады.

Балалардың тілдік кодты ауыстыру себептерін айқындау үшін сұқбатқа арнайы сұрақтар дайындалды. Сұрақтардың мазмұны мынадай:

1-кесте – Ата-аналарға арналған сұрақтар

1	Балаңыздың жасы нешеде?
2	Қай тілдегі балабақшаға барады?
3	Үйде қандай тілде (қазақ, орыс, ағылшын) сөйлесесіздер?
4	Үйдегі басқа отбасы мүшелерімен (мысалы, ата, әже, аға, әпке) балаңыз қай тілде сөйлеседі?
5	Үйде қазақ, орыс, ағылшын тілдерін араластырып қолдану жағдайы қаншалықты жиі кездеседі?
6	Сіздің ойыңызша, балаңыз қай тілді жақсы түсінеді?
7	Қай тілде еркінрек сөйлейді?
8	Сіздің қалаңызда күнделікті қарым-қатынаста қай тіл жиі қолданылады?
9	Баланың балабақшада қай тілде сөйлейтініне мән бересіз бе?
10	Қаладағы тілдік орта балаңыздың тілді меңгеруіне қалай әсер етіп жатыр деп ойлайсыз?
11	Балаңыз қай тілдегі мультфильмдерді көреді?
12	Қолданатын смартфон, планшет, теледидардағы қосымшалар мен ойындар қандай тілде?
13	Осы құрылғылар мен медианың балаңыздың сөйлеу тіліне әсері қандай?
14	Сіздің ойыңызша, балаңыздың екі не одан көп тілді қатар меңгергені маңызды ма?
15	Баланың тілді араластырып сөйлеуін қалай қабылдайсыз? Бұл табиғи құбылыс па, әлде түзетуді қажет ететін жағдай ма?
16	Балаңыздың қазақ тілін жақсы меңгеруі үшін қандай шаралар қолданасыз?

Сұқбатқа қатысқан аналарды сандық жүйемен белгілеп алдым. Мақалада олар 1, 2, 3... ата-ана деген секілді сан атауларымен беріледі. Ата-аналардың жауаптарына негізделген талдау барысында бірнеше өзекті тақырып айқындалды. Ата-аналар өз балаларының тілдік дамуы, тілдік орта, код ауыстыру және медиа құралдарының әсері жөнінде әртүрлі, кей тұстарда ортақ көзқарастар білдірді. Ата-аналардың басым бөлігі үйдегі тілдік орта баланың сөйлеу тіліне тікелей әсер ететінін атап өтті. Кей отбасыларда тек қазақ тілі қолданылса (мысалы, 1, 4-ата-ана), басқа отбасыларда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің араласуы

байқалады (3, 5-ата-ана). Бұл араласу көбіне ата-ана мен баланың басқа отбасы мүшелерімен әр тілде қарым-қатынас жасауымен байланысты. Бұл айырмашылықтар тілдік сәйкестік пен тілді таңдау баланың күнделікті тәжірибесіне қарай қалыптасатынын көрсетеді. Әлеуметтік лингвистика тұрғысынан, мұндай ортада тіл иерархиясы бала психологиясына да әсер етуі мүмкін. Код ауыстыру мәселесінде ата-аналар арасында екі түрлі көзқарас қалыптасты. Бір тарап оны бала тілінің дамуының табиғи кезеңі деп санаса (3, 5-ата-ана), екінші тарап оны түзетуді қажет ететін жағдай ретінде қабылдайды (1, 2-ата-ана).

«Күнде тілді араластырып сөйлейді» (3-ата-ана).

«Бұл сұрақ бізді мазалайды, үйде қадағалап отырамыз» (2-ата-ана).

Бұл тұста тілдік кедергі мен тілдік қордың жетіспеушілігі салдарынан пайда болған функционалды код ауыстыруды табиғи процесс ретінде қарастыруға болады. Бірақ кей ата-аналарда бұл құбылысқа қатысты лингвофобиялық көзқарастардың бар екенін де көруге болады.

Бала тіліне әсер ететін тағы бір орта – балабақша. Бала бір тілде сөйлейтін отбасында тәрбиеленіп, басқа тілде оқытатын балабақшаға барған жағдайда, ол екі тілді қатар қолданады. Бұл тілдік жүйелердің араласуына алып келеді (Baker, 2011). Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиешілердің кәсіби сөйлеу мәдениеті мен тілдік модельдерінің баланың тілдік дамуына әсері басым. Бала тілін балабақшадағы еркін ойын кезінде тәрбиешілердің сөйлеу рөлі, сөйлеу белсенділігі және сол тілдік орта дамытады. Тәрбиеші тек бақылаушы емес, баламен тілдік серіктес болу керек (Kontos, 1999). Бұл баланың тілдік дамуына белсенді қатысып, оның коммуникативтік қабілеттерін нығайтуға көмектеседі, әсіресе, екітілді ортадағы кодты ауыстыру сияқты күрделі құбылыстарды дұрыс қабылдауға жағдай жасайды (Díaz, 2013; Huang, 2025). Тәрбиешілердің екі тілді балалармен қарым-қатынас кезіндегі кодты ауыстыруы балалардың тілдік дамуына, сөздік қорының кеңеюіне және когнитивті икемділігіне оң әсер ететіндігі зерттеулерде көрсетілген (Sun et al., 2019).

Тілді дамытуға арналған ойындар, сұрақ-жауап диалогтары, көркем әдебиетпен жұмыс – баланың ана тілімен байланысты құрылу қажет. Сұқбатқа қатысушылар балабақшада қолданылатын тілдің маңызын ерекше атап өтті. Мемлекеттік балабақшаға баратын балалардың қазақша сөйлеу дағдысы жоғары болғанымен, аралас немесе жекеменшік мекемелерде тілдік сәйкестік әлсіздеу екені байқалды.

«Қазақ тілін дамытуға кедергі көп, балалар сыртта көбіне орысша сөйлейді» (1-ата-ана).

«Аралас тілдегі балабақша, тәрбиешілер кейде орысша сөйлейді» (2-ата-ана).

Қоғамдық ортада орыс тілінің басымдығы, әсіресе қалада баланың қазақ тілін игеруіне кері әсер ететіні айтылады. Бұл мәліметтер тілдік доминанттылық пен әлеуметтенудің өзара байланысын көрсетеді.

Цифрлық құрылғылар, мультфильмдер және ойындар – балаға бейсаналы түрде әсер

ететін тілдік ортасы. Цифрлық кеңістікте бала жиі мультфильм көреді, ойын ойнайды және әр алуан өзгетілді контентпен танысады. Видео-контент балалардың тілін ерте дамытады, екінші тіл элементтерін енгізіп және табиғи тілді меңгеру процесіне әсер етеді (Zhorabek, 2025). Қазақстанда бұл контенттің басым бөлігі орыс және ағылшын тілінде, ал қазақ тілде балама контенттің көлемі аз. Көптеген балалардың тілдік ортасы бейсаналы түрде көптілді сипат алады. Мультфильмдер, ойындар, цифрлық құрылғылар арқылы шет тілін жиі естіп, кей сөздерді өз тілінде қолдана бастайды. Бұл – пассивті тілдік әсердің нәтижесі. Мультфильмдерден бала тек сөз үйреніп қоймай, сөйлем құрылымын, интонация мен дауыс екпінін де меңгереді. Мазмұны мен тілдік сапасы баланың жас ерекшелігіне сай келмесе, даму үрдісіне кері әсер етуі мүмкін. Бала смартфонмен ойын ойнаған кезінде нұсқауларды орындау, сұрақтарға жауап беру сияқты әрекеттер арқылы тілді белсенді қолданады. Мұндай интерактивтілік шетел тілін үйренуге жағымды ықпал етеді. Бірақ қазақ тіліндегі сапалы, жас ерекшелігіне сай ойын платформаларының аз болуы қазақ тілі бала қолданысында пассив тілге айналады. Сұқбатта он бес ата-ананың барлығы дерлік баланың тілдік дамуына мультимедиа құралдарының елеулі әсерін атап өтті. Алайда қазақ тіліндегі сапалы контенттің тапшылығы баланың орыс немесе ағылшын тіліне бейімделуіне алып келіп отыр.

«Мүмкіндігінше, қазақша қолдануға тырысамыз, бірақ контент аз» (1-ата-ана).

«Балам орысшаға бейімделіп кетті» (2-ата-ана).

Нәтижеге сүйене келе, тіл саясаты саласында балаларға арналған қазақтілді цифрлық өнімдердің санын және сапасын арттыру қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар, ата-аналар медиа құралдарының тілдік бейімделу процесіне тікелей әсер ететіні нақты түсініп отыр.

Барлық ата-ана қазақ тілін баланың болашағы үшін маңызды деп санайды. Кейбіреуі қазақ тілін бірінші орында ұстап, тілдік орта құруға тырысса (1 және 4-ата-ана), басқалары көптілділікті қатар дамытуға ұмтылады (12-ата-ана).

«Қазақ тілді орта құрамыз» (1-ата-ана).

«Қазақ тіліне арнайы үйірмеге апарып жүріміз» (8-ата-ана).

Бұл тақырып ата-аналардың ұлттық тілге деген жауапкершілігін көрсетеді. Сонымен қатар, тілді таңдау мен отбасы стратегияларының баланың тілдік жетілуіне қалай әсер ететінін дәлелдейді.

Тілдік орта – бала тілінің дамуына тікелей ықпал етеді, бірақ ол тек үй жағдайымен шектелмейді. Балабақша, медиа мен араласатын сыртқы ортасының тілдері де маңызды рөл атқарады. Балаларда код ауыстыру жиі байқалады және оған деген көзқарастар ата-ананың тілдік ұстанымдарына байланысты екі бағытқа бөлінді. Ата-аналардың басым бөлігі баланың көптілді болуы болашағы үшін маңызды екенін мойындай отырып, алдымен қазақ тілін жетік меңгерудің қажеттілігін алға тартады. Қазақ тілін дамыту мақсатында ата-аналар ертегі оқу, тақпақ жаттау, қазақ тілінде сөйлейтін орта қалыптастыру, үйірмелер мен отандық әдеби материалдарды қолдану сынды әдістерді жүйелі түрде іске асыруда.

Қорытынды

Ата-аналармен жүргізілген сұқбат нәтижелері 3-5 жастағы балалардың тілдік дамуына әсер ететін факторлардың күрделі екендігін анықтады. Сұқбатта алынған деректер баланың тілдік дамуы құзыретінің қалыптасуына отбасындағы тілдік ұстаным, балабақшадағы оқыту тілі, қоршаған әлеуметтік орта және цифрлық медианың ықпалы басым екенін көрсетті. Сұқбатқа қатысқан ата-аналардың жауаптарын салыстырмалы түрде қарасақ, қазақтілді ортада тәрбиеленіп жатқан балалардың ана тілін еркін, жүйелі және тілдік нормаларға сай меңгеретінін дәлелдейді. Мұндай отбасыларда тілдік тазалық саналы түрде сақталып, код ауыстыру жиі байқалмайды. Аралас немесе көптілді отбасында өсіп жатқан балада код ауыстыру құбылысы жиі болады. Балалар игерген барлық тілді түсінгенімен, ойды бір тілде толық әрі таза жеткізуге киналады. Сөйлеу барысында тоқтау, бір сөзді қайталап айту, ойын толық жеткізе алмаған жағдайда екінші тілге ауысу байқалады. Ата-аналардың да бірнеше тілді араластырып сөйлеуі баланың қазақ тіліндегі сөздік қорының баяу дамуына

әкелетінін атап өтеді. Кейбір ата-ана бұл құбылысты табиғи даму кезеңі ретінде қабылдап, оны біртіндеп түзету қажет деп санайды. Тағы бір бөлігі көптілділікті қазіргі жаһандану жағдайында баланың болашағы үшін қажет ресурс деп бағалайды. Басым бөлігі қазақ тілін – ана тіл әрі негізгі тіл ретінде қалыптасуы қажет екенін айтады. Олар алдымен бір тілді толық меңгеру, содан соң өзге тілді игеру қағидасын ұстанады. Яғни, ана тілінің берік негізі қалыптаспай тұрып, бірнеше тілді қатар енгізу баланың тілдік жүйесінде тұрақсыздың тудыруы мүмкін деп санайды.

Қорытындылай келе, балалардың тілдік ортасы мен қолданылатын тілдер жиынтығы олардың сөйлеу дағдысына тікелей ықпал ететіні айқындалды. Қазақ тілді отбасыларда тәрбиеленетін балалар ана тілінде еркін сөйлеп, тілдік араласу аз байқалса, көптілді не аралас тілдік ортада өскен балаларда тілдердің араласуы жиі кездеседі. Бұл жағдай баланың сөйлеу дағдыларында шатасуға алып келетінін ата-аналар атап өтті. Сұқбат барысында ата-аналар тілдердің араласуын, негізінен, табиғи құбылыс ретінде қабылдайтынымен қатар, оның жүйелі түрде түзетіп отыру қажеттігін айтады. Сондай-ақ, баланың тілдік дамуына цифрлық құрылғылар, мультфильмдер мен ойындар сияқты медиаконтенттің әсері зор екені айқындалды. Мұндай контенттің басым бөлігі орыс және ағылшын тілінде болғандықтан, ол қазақ тілінің меңгерілуіне кері әсерін тигізіп отырғаны байқалды. Соған сәйкес мынадай ұсыныстар жасаймыз:

- қазақ тіліндегі саналы әрі сапалы мультимедиа өнімдерін кең көлемде жасау қажет;
- ата-аналарға арналған көптілді тәрбиенің тиімді әдістері туралы ақпараттық қолдау қажет;
- балабақшаларда қазақ тілінің мәртебесін арттыру тетіктерін енгізу ұсынылады;
- код ауыстыруға қатысты ғылыми негізделген түсіндіру жұмыстары жүргізілуі қажет.

Әдебиеттер

- Huang, Q. (2025). Bilingual children's code-switching: Types, approaches, and functions. *International Journal of Social Science and Education Research*, Vol. 7(1), P. 38. <https://doi.org/10.33545/26649845.2025.v7.i1a.184>
- Белоусова, М.В., Прусаков, В.Ф., Уткузова, М.А. (2009). Расстройства аутистического спектра в практике детского врача. *Практическая медицина*. №6. С. 36-40.
- Карпов, А.М., Чудновский, Е.В., Герасимова, В.В. и др. (1997). Компьютерная деятельность детей – фактор риска психических и личностных нарушений. Тезисы докладов III международного симпозиума «Феномены природы и экологии человека». Казань. С.201-202.

- Chirsheva, G., Houston, M. (2020). Interlingual duplicating in the speech of bilingual children. SHS Web of Conferences, Vol. 88, P. 1011. <https://doi.org/10.1051/shsconf/20208801011>
- Christoffersen, K. (2014). Does child code-switching demonstrate communicative competence?: A comparison of simultaneous and sequential bilinguals. *Journal of Second Language Acquisition and Teaching*, Vol. 21, P. 20-40.
- Керделлан, К., Грезийон, Г. (2006). Дети процессора: как Интернет и видеоигры формируют завтрашних взрослых. Пер.с фр. А. Лушанова. Екатеринбург. У-Фактория.
- Головей, Л.А. (2010). Развитие личности ребенка. Екатеринбург. Рама Паблишинг.
- Жұмабаев, М. (1923). Педагогика.
- Юртаев, С.В. (2008). Методика развития речи младших школьников. Флинта.
- Анисимов В.П. (2014). Основы исследовательской деятельности педагога: Учеб. пособие. Тверь. Твер.гос.ун-т.
- McArthur, B.A., Tough, S., Madigan, S. (2022). Screen time and developmental and behavioral outcomes for preschool children. *Pediatric research*. Vol. 91, Iss. 6. P. 1616-1621.
- Азимова, М. (2020). Педагогические основы использования различных народных культур в воспитании дошкольников. *European science*, №2 (51). С. 91-92.
- Азимова, М.У. (2021). Формирование математических понятий у детей 6-7 лет посредством дидактических игр. *PEDAGOGICAL SCIENCES*. С. 44-48. <https://doi.org/10.24412/2520-6990-2021-1198-44-48>
- Gumperz, J.J. (1982). *Discourse Strategies*. Cambridge University Press.
- Grosjean, F. (2010). *Bilingual: Life and reality*. Harvard university press.
- Заирова, Д.Э. (2019). Психолингвистикалық аспектідегі ойлау мен жазу. С. Демирел атындағы университеттің хабаршысы. №1 (48). С. 18-23.
- Place, S., Hoff, E. (2011). Properties of dual language exposure that influence 2-year-olds' bilingual proficiency. *Child development*. Vol. 82, Iss. 6. P. 1834-1849.
- Byers-Heinlein, K. (2013). Parental language mixing: Its measurement and the relation of mixed input to young bilingual children's vocabulary size. *Bilingualism: Language and Cognition*. Vol. 16, Iss. 1, P. 32-48.
- Bail, A., Morini, G., Newman, R.S. (2015). Look at the gato! Code-switching in speech to toddlers. *Journal of child language*. Vol. 42, Iss. 5, P. 1073-1101.
- Gaskins, D., Bailleul, O., Werner, A., & Quick, A. E. (2021). A Crosslinguistic Study of Child Code-Switching within the Noun Phrase: A Usage-Based Perspective. *Languages*, Vol. 6(1), 29. <https://doi.org/10.3390/languages6010029>
- Уәли, Н. (2021). Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: монография. Алматы. Қазақ тілі.
- Snow, C. (1995). Issues in the study of input: Finetuning, universality, individual and developmental differences, and necessary causes. In: *The handbook of child language*, ed. P. Fletcher & B. MacWhinney, P. 180-93. Basil Blackwell.
- Sczepurek, N.-S., Aalberse, S., & Verhagen, J. (2022). Multilingual Children's Motivations to Code-Switch: A Qualitative Analysis of Code-Switching in Dutch-English Bilingual Daycares. *Languages*, Vol. 7(4), P. 274. <https://doi.org/10.3390/languages7040274>
- Kapantzoglou, M., Brown, J. E., Cysyk, L. M., & Fergadiotis, G. (2021). Code-Switching and Language Proficiency in Bilingual Children With and Without Developmental Language Disorder. *Journal of Speech Language and Hearing Research*, Vol. 64(5), 1605. https://doi.org/10.1044/2020_jslhr-20-00182
- Baker, C. (2011). Foundations of bilingual education and bilingualism. *Multilingual matters*.
- Kontos, S. (1999). Preschool teachers' talk, roles, and activity settings during free play. *Early childhood research quarterly*. Vol. 14, Iss. 3, P. 363-382.
- Díaz, M.A. (2013). Uses of Code-Switching in Four-Year-Old Monolingual Children's Second Language Acquisition. [Electronic resource]. URL: <http://roderic.uv.es/handle/10550/36783> (Date of use: 21.09.2025)
- Sun, H., Yussof, N. T., Vijayakumar, P., Lai, G., O'Brien, B. A., ONG, Q. H. (2019). Teacher's code-switching and bilingual children's heritage language learning and cognitive switching flexibility. *Journal of Child Language*, Vol. 47(2), 309. <https://doi.org/10.1017/s030500091900059x>
- Жорабек, З.Ж. (2025). The impact of video content on the language of preschool children. «Абылай хан атындағы ҚазХҚжә-неӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. Vol. 76, Iss. 1. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.024>
- Сембаева, А.Г., Шохаева, К.Н. (2024). Цифрлық аутизмнің нейролингвистикалық ерекшеліктері. *Вестник университета Ясави*. Vol. 1, Iss. 131, P. 103-114.

References

- Anisimov, V.P. (2014). *Osnovy issledovatel'skoi deyatel'nosti pedagoga* [Foundations of teacher research activity]. Tver State University (in Russian)
- Azimova, M. (2020). Pedagogicheskie osnovy ispol'zovaniya razlichnykh narodnykh kul'tur v vospitanii doshkol'nikov [Pedagogical foundations of using folk cultures in preschool education]. *European Science*, Vol. 2(51) (in Russian)
- Azimova, M.U. (2021). Formirovanie matematicheskikh ponyatii u detei 6–7 let posredstvom didakticheskikh igr [Formation of mathematical concepts in 6–7-year-old children through didactic games]. *PEDAGOGICAL SCIENCES*. С. 44-48. <https://doi.org/10.24412/2520-6990-2021-1198-44-48> (in Russian)
- Bail, A., Morini, G., Newman, R.S. (2015). Look at the gato! Code-switching in speech to toddlers. *Journal of Child Language*, Vol. 42(5), P. 1073-1101 (In English)
- Baker, C. (2011). *Foundations of Bilingual Education and Bilingualism*. Multilingual Matters.

- Belousova, M.V., Prusakov, V.F., Utkuzova, M.A. (2009). Rasstroistva autisticheskogo spektra v praktike detskogo vracha [Autism spectrum disorders in pediatric practice]. *Prakticheskaya Meditsina*, Vol. 6. (in Russian)
- Byers-Heinlein, K. (2013). Parental language mixing: Its measurement and relation to children's vocabulary. *Bilingualism: Language and Cognition*, Vol. 16(1), P. 32-48 (In English)
- Chirsheva, G., Houston, M. (2020). Interlingual duplicating in the speech of bilingual children. SHS Web of Conferences, Vol. 88, P. 1011. <https://doi.org/10.1051/shsconf/20208801011>
- Christoffersen, K. (2014). Does child code-switching demonstrate communicative competence?: A comparison of simultaneous and sequential bilinguals. *Journal of Second Language Acquisition and Teaching*, Vol. 21.
- Díaz, M.A. (2013). Uses of Code-Switching in Four-Year-Old Monolingual Children's Second Language Acquisition. [Electronic Resource]. URL: <http://roderic.uv.es/handle/10550/36783> (Date of use: 01.10.2025)
- Gaskins, D., Bailleul, O., Werner, A., Quick, A.E. (2021). A Crosslinguistic Study of Child Code-Switching within the Noun Phrase: A Usage-Based Perspective. *Languages*, Vol. 6 (1), P. 29. <https://doi.org/10.3390/languages6010029>
- Golovey, L.A. (Ed.). (2010). *Razvitie lichnosti rebenka* [Child personality development]. Rama Publishing (in Russian)
- Grosjean, F. (2010). *Bilingual: Life and Reality*. Harvard University Press.
- Gumperz, J.J. (1982). *Discourse Strategies*. Cambridge University Press.
- Huang, Q. (2025). Bilingual children's code-switching: Types, approaches, and functions. *International Journal of Social Science and Education Research*, Vol. 7(1), P. 38. <https://doi.org/10.33545/26649845.2025.v7.i1a.184>
- Kapantzoglou, M., Brown, J.E., Cycyk, L.M., & Fergadiotis, G. (2021). Code-Switching and Language Proficiency in Bilingual Children With and Without Developmental Language Disorder. *Journal of Speech Language and Hearing Research*, Vol. 64(5), P. 1605. https://doi.org/10.1044/2020_jslhr-20-00182
- Karpov, A.M., Chudnovskiy, E.V., Gerasimova, V.V., et al. (1997). Komp'yuternaya deyatelnost' detei – faktor riska psikhicheskikh i lichnostnykh narushenii [Computer use as a risk factor for psychological and personality disorders]. In *Fenomeny prirody i ekologii cheloveka: Proceedings of the 3rd International Symposium* (P. 201-202). Kazan' (in Russian)
- Kerdellan, K., Greziyon, G. (2006). *Deti protsessora: kak Internet i videoigry formiruyut zavtrashnikh vzroslykh* [Children of the processor]. U-Faktoriya (in Russian)
- Kontos, S. (1999). Preschool teachers' talk, roles, and activity settings during free play. *Early Childhood Research Quarterly*, Vol. 14(3), 363-382.
- McArthur, B.A., Tough, S., Madigan, S. (2022). Screen time and developmental and behavioral outcomes for preschool children. *Pediatric Research*, Vol. 91(6), P. 1616-1621.
- Place, S., Hoff, E. (2011). Properties of dual language exposure that influence 2-year-olds' bilingual proficiency. *Child Development*, Vol. 82(6), P. 1834-1849 (In English)
- Sczepurek, N.S., Aalberse, S., Verhagen, J. (2022). Multilingual Children's Motivations to Code-Switch: A Qualitative Analysis of Code-Switching in Dutch-English Bilingual Daycares. *Languages*, Vol. 7(4), P. 274. <https://doi.org/10.3390/languages7040274>
- Sembaeva, A.G., Shokhaeva, K.N. (2024). Tsifrlık autismning neirolingvistikalık erekshelekeri [Neurolinguistic features of digital autism]. *Vestnik Universiteta Yasavi*, Vol. 1(131), P. 103-114. (in Kazakh)
- Snow, C. (1995). Issues in the study of input. In P. Fletcher & B. MacWhinney (Eds.), *The Handbook of Child Language* (P. 180-193). Basil Blackwell.
- Sun, H., Yussuf, N.T., Vijayakumar, P., Lai, G., O'Brien, B.A., ONG, Q.H. (2019). Teacher's code-switching and bilingual children's heritage language learning and cognitive switching flexibility. *Journal of Child Language*, Vol. 47(2), P. 309. <https://doi.org/10.1017/s030500091900059x>
- Uali, N. (2021). *Qazaq soz madenietinin teoriyalık negizderi* [Theoretical foundations of Kazakh speech culture]. Qazaq Tili Publishing. (in Kazakh)
- Yurtaev, S.V. (2008). *Metodika razvitiya rechi mladshikh shkol'nikov* [Methods of speech development in primary school children]. (in Russian)
- Zairova, D.E. (2019). Psikholingvistikalık aspektidegi oilau men zhazu [Thinking and writing in the psycholinguistic aspect]. *Habarshy of S. Demirel University*, Vol. 18 (in Russian)
- Zhorabek, Z.Zh., et al. (2025). The impact of video content on the language of preschool children. *Kazakh Ablai Khan University Bulletin: Philology Series*, Vol. 76(1).
- Zhumabaev, M. (1923). *Pedagogika* [Pedagogy]. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Жорабек Зубайра Жаманбайқызы (корреспондент-автор) – PhD докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: zh.zubaira@gmail.com);

Шойбекова Ғазиза Бейсенбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru);

Оспанов Еділбай Төлеубайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: yedilbay.ospan@gmail.com).

Information about the authors:

Zhorabek Zubaira (corresponding author) – PhD student, Kazakh National Women's Teacher Training University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: zh.zubaira@gmail.com);

Shoibekova Gaziza – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru);

Ospanov Yedilbay – Candidate of Philological Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: yedilbay.ospan@gmail.com).

Сведения об авторах:

Жорабек Зубайра Жаманбаевна (автор-корреспондент) – PhD докторант, Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы, Казахстан, e-mail: zh.zubaira@gmail.com).

Шойбекова Газиза Бейсенбековна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы, Казахстан, e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru).

Оспанов Едилбай Толеубаевич – кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: yedilbay.ospan@gmail.com).

*Келін түсті: 13 қыркүйек 2025 жыл
Қабылданды: 21 желтоқсан 2025 жыл*